

Жоспар:

Кіріспе.

I. Оқушылардың білім, шеберлігін және қабілетін тексеру және бағалау.

1.1. Оқушылардың оқу-танымдық әрекетін тексеру және бағалау.

1.2. Оқушылардың білім, білік және дағдыларын тексерудің негізгі әдістері.

II. Мектеппен байланыс.

2.1. Оқушыларды шығармашылық жоба арқылы өнерге қалай әкелуге болады?

2.2. Бұйымды жасау технологиясы.

Қортынды.

Қолданылған әдебиеттер.

Кіріспе.

Оқыту процесінде оқушылардың білім, білік, дағдыларын бақылау және бағалау оның аса қажет құрамдас бөлігі болып есептеледі. Мұғалімнің сабақтар жүйесінде оны дұрыс ұйымдастыра білуі, көптеген жағдайда оқу – тәрбие процесінің табысты болуының оң кепіші. Ол үшін мұғалім оқушының оқу материалын меңгеру дәрежесін, сапасы мен көлемін үнемі анықтап отыруы тиіс. Бұл бағытта оқушылардың сабақтар жүйесінде білім, білік, дағдыларын бақылау және бағалаудың маңызы ерекше. Бақылаудың көмегімен теориялық білімді меңгерудегі сапа, біліктілік пен дағдының қалыптасу дәрежесі анықталады.

Осы тұрғыда білім, білік, дағдыны есепке алу және бағалау мәселесіне теориялық және практикалық талдау жасаудың маңыздылығы ерекше.

Бақылаудың тақырыптық түрін ұйымдастырудың практикалық мәселелері П.Горбунюв, Е.С.Березняк, В.И.Ивашенко, А.К.Исаев, Е.И.Перовский, С.Ф.Сухорский, Н.В.Чертковский, В.О.Онищуктің ғылыми педагогикалық еңбектерінде талданған.

Осылардың негізінде қаралып отырған педагогикалық мәселенің теориялық аспектісі жеткілікті дәрежеде зерттелген деп қортынды шығаруға болады, себебі есепке алу, бақылау, бағалауды ұйымдастырудың мәні, олардың оқу-тәрбие процесіндегі қызметі, формалары мен тәсілдері анықталған.

Екіншіден, оқыту сапасын тексерудің «5» Балдық жүйесі оқушылар білімдерінің нақтышы дайындық дәрежесін барлық жағдайда дұрыс көрсетпейді. Ондағы негізгі кемшілік, оның жеткілікті түрде ішкі және сыртқы кері байланысты қамтамасыз ете алмауында, соның нәтижесінде оқыту процесінің сапасын арттыруда мұғалім әрқизде бағалау жүйесін дұрыс қолдана алмайды.

Жоғарыда айтылған ұжымдамаға сүйене отырып, білім, білік пен дағды нәтижесін бағалау, бақылау мен бағалаудың теориялық талдауы және практикада қолдану тәжірибесі арасында әлі де болса қарама-қайшылықтың бар екендігін байқаймыз.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау негізінде бұл мәселенің қалыптасуы мен даму динамикасын бірнеше кезеңге бөлуге болады.

20 жылдары үй тапсырмасын беру, білімді және емтиханды бағалауды оқыту процесі жүйесінде қарастырмайды, соның нәтижесінде оқушының үлгерім сапасына мұғалімнің бақылау жасау орнына «бригадалық-лабораториялық» әдіс жүйесіне негізделген «өздігінен бақылаудың» түрлері кең көлемде таратылды. Ол бір жағдайда үлгерім нәтижесін бақылауда кесірік, жауапкершілікке әкелсе, екінші жағдайда, оқу сапасының төмендеуіне кері әйгілікті тигізді.

Оқушылардың оқу-танымдық әрекетін тексеру және бағалау.

Оқыту процесінің маңызды компоненттерінің бірі – бақылау және бағалау. Бұл ұғымдардың әрқайсысының өзінше мәні және ерекшелігі бар. Олар оқу тәрбие процесін мұғалімнің дұрыс ұйымдастыру басшылығына байланысты.

Бақылау – бұл педагогикалық басшылықтың және оқушылардың танымдық іс-әрекетін меңгерудің функциясы. Бақылаусыз және адамның дамуы мен қалыптасуын басқаруға болмайды. Бақылаудың психологиялық педагогикалық мәні оқушыларға дер кезінде көмек көрсету. Олардың шығармашылық күшіне, қабілетіне сенім білдіру, оқушыларды оқу тапсырмасын нәтижелі етіп орындау үшін ынталандыру және іске жұмылдыру. Бақылау процесінде мұғалім оқушыларға ерекше мәңгі бәліз, құрмет сезімін білдіруі тиіс. Егер

кейбір оқушы тапсырмасы орындауда қате жіберсе, оған дәрежі, ерескіл сөздер айтып, баскерту жасауға болмайды.

Сабақтың барлық кезеңдерінде бақылаудың мазмұны оқушыларды іс-әрекетіне ынталандыру және олардың белсенділігін дамытуы тиіс. Бақылау процесінде оқушылардың алған білімді игеруі және бағанды етуі бойынша оқу жұмысының сапасы туралы толық хабар алу өте қажет. Осыған байланысты бақылаудың бірнеше түрлерін атауға болады. Олар тақырыптық бақылау, тараулар бойынша оқтын-оқтын бақылау, қортынды бақылау.

Тақырыптық бақылау оқу бағдарламасындағы белгілі тақырыптар бойынша өткізіледі. Сабақтың тақырыбы және әрбір кезеңдері негізінде оқушылардың білімді, іскерлікті, дағдыны игеруі тексеріледі. Сонымен бірге, мұқалық жаңа тақырыптың кейбір басты мәселелерін өткен сабақтардағы оқу материалдарымен толықтырады, кейбір ұғымдарды, анықтамаларды, ашылым ережелерді оқушылардың есіне салады.

Тараулар бойынша оқтын-оқтын бақылау әрбір тоқсанның аяғында оқу бағдарламасының белгілі тарауын оқып болғаннан кейін өткізіледі. Бақылаудың мақсаты оқу бағдарламасы негізінде бақылау жұмыстары және түрлі техникалық құралдар арқылы әрбір тоқсанның аяғында пәндер бойынша оқушылардың алған білімінің көлемін және сапасың, іскерлігін, дағдысын анықтау. Қортынды бақылау – барлық пәндер бойынша жыл аяғында өткізіледі. Бақылау процесінде тақырыптық және тарау бойынша бақылау нәтижелері есепке алынады. Оқушылардың жыл бойында алған теориялық және практикалық білімдері анықталады. Сондықтан қортынды бағалаудың негізгі әдісі және оқушылардың жылдық үлгерім бағаларынан педагогикалық кеңестің шешімі бойынша қортынды бағалар шығарылады. Бақылау әдістері арқылы оқушылар жұмысының тиімділігі мен мазмұны туралы кері байланыс қалтамасыз етіледі. Бақылау әдістеріне ауызша, жазбаша және графикалық бақылау әдістері жатады. Бұл әдістерге қарағанда

Бағдарламалап бақылау әдістерінің өзіндік ерекшелігі бар. Олар машинасыз және машиналы бағдарламалап бақылау әдістеріне бөлінеді. Машинасыз бағдарламалап бақылау әдістері бойынша тесткарталар және бақылау карталарын қолданып, оқушылардың теориялық және практикалық білімдерін анықтайды. Мұғалім оқыту және білім беру мазмұны бөлімі бойынша 20-25 сұрақтар дайындап, әрбір сұраққа 4 вариантты жауаптың мазмұнын жазады. Олардың ішінен бір сұраққа ғана дұрыс жауап беріледі. Қалған сұрақтар варианттары: дәл емес, толық емес немесе басқа тектес ұғымдарға сәйкес келеді.

Бақылау – кең көлемде бір нәрсені тексеру деген мағынаны білдіреді. Бақылау оқыту процесінде оқушылардың оқу әрекетіне басшылық жасау қызметін атқарады, олардың творчестволық күші мен қабілетінің ықпал етеді.

Бағалау – оқытудың құрамдас бөлігі және қортындылар сатысы. Бағалау бір нәрсенің деңгейін, сапасын, дәрежесін белгілеу. Оны оқушының оқу-таным әрекетінде қарастырсақ, оқыту процесінің міндеттерін оқушылардың қандай дәрежеде меңгеруі, дайындық деңгейі мен дамуын, білімдерінің сапасын, білік пен дағды көлемін анықтайтын құрал. Бақылаудың білім беру қызметі негізінде оқушылар жаңа білімдерді қабылдайды, бұрын алған білімдерін толықтырып, жетілдіріп, белгілі бір жүйеге келтіреді. Тәрбиелік қызметі оқушыларды жүйелі түрде жұмыс істеуге үйретеді. Бақылаудың нәтижесінде олар күнделікті сабаққа үзбей дайындалады, жауапкершілік сезімдері артады. Дамыту қызметінің маңызы сода оқушылар өз бетінше оқу тапсырмаларын орындауда жаңа білімдерді қабылдайды, іртынды жасайды, бағдарламалар әзірлейді, хабарламалар жасайды.

Бағалаудың да қызметі үш топқа бөлінеді: қарлаушылық, басқарушылық, тәрбиелеушілік.

Бірінші топ өз алдына: белгілеп қиюшылық, бағдарлаушы, бақылаушы болып келеді. Бұл топтың қызметі білім, білік және дағдыны

бағалауды, әрбір бағаның көрсеткіштері мен өлшемдеріне мұғалім мен оқушылардың арқа сүйенуі жағдайында іске асады.

Екінші топ: қалыптастырушылық, реттеушілік, дәлелді түзетушілік болып келеді. Осы топты жүзеге асырудың қажетті қарты бағадағы көрініс тек қана оқытудағы қол жеткізілген нәтиженің мөлшері ғана емес, сонымен бірге сапасын белгілейтін көрсеткіш.

Үшінші топ: қалыптастырушылық, ынталандырушылық, болып келеді. Бұл топтың қызметінің нәтижелі болуының кепілі, баға оқытудың нәтижесін нақты бейнелей бітуде.

Оқыту мен тәрбие нәтижелерін есептеу мен бағалау тұтас педагогикалық процестің маңызды компоненті болып табылады. Ол әрдайым мұғалімнің назарында болады, педагогикалық процестің тиімділігі мен нәтижелігін көрсетеді. Сондықтан, жалпы оқыту процесіндегі оқушылардың білім, білік және дағдыларын тәрсеру мен бағалаудың қандай орын алатынының, онда оқыту, дамыту және тәрбие үшін қандай потенциалды мүмкіндіктерді оқу-әрекетін белсендіру үшін қалай дамытып, пайдалану керектігін, оқыту желісті болу үшін нәтижесіне не ықпал ететінін қарастыру қажет.

Оқыту нәтижесін тексерудің мәні – оқушылардың белгілі бір бағдарлама, пән бойынша білім беру стандартына сай білімді меңгеру деңгейін анықтау. Алайда, қазіргі педагогикада тұтас педагогикалық процесті тексеру мен бақылау ұғымдарының ауқымы айтарлықтай кең. Оқытуды бақылау дегеніміз, біз жазынаң, мұғалімдер мен мектептердің жұмыстарын тексерудің әкімшілік – ресми тәртібі, нәтижелерін басқару шешімдерін қабылдау дегеніміз мұғалімнің оқушылар білімін тексеру мен бағалауы. Отандық ғылымда «педагогикалық диагностика» атауының қолдану аясы тар және көбінесе тәрбие саласында көбірек қолданылады, онда ол тәрбиелік деңгейдің өлшемі мен талдауын білдіріп, психодиагностикаға жақындай түседі. Оқыту процесіне қатысты «педагогика

диагностикасы» атауын жоғарыда келтірілген мағнада қолданған орынды. «Бақылау», педагогикалық процесс нәтижелерін тексеру мен есепке алу сияқты дәстүрлі атаулармен де қолдануға болады.

Бақылау мазмұнының мәні ерекше. Тексеріске ұшырайтын оқушылардың білім, білік және дағдылары болып есептеледі. Білімдерден басқа шәкірттердің әлеуметтік және жалпы психологиялық дамуы мектеп жетістіктерін тексерудің мазмұны болып табылады. Мектеп тек білімдерді қалыптастырып қана қоймай, тәрбиелеп, дамытатын болғандықтан, мектеп жетістіктерін тексеру бағыттарында да жүргізілуі керек.

Мектептерде педагогикалық қызмет-әрекеттің нәтижелерін есепке алу мен бағалау мектеп ішіндегі бақылау жүйесіне енгізілген. Мектеп ішіндегі бақылау қойылған міндеттерге сәйкес тұтас педагогикалық процеске түзетулер енгізу мақсатында оқу-тәрбие процесін жан-жақты зерттеу мен талдау. Мектеп ішіндегі бақылау-күрделі де көп жақты процесс, ол да барлық тұтастықтар сияқты заңды тәртіп ретінде, бір бірімен тығыз байланысты және әрқайсысы белгілі бір қызмет атқаратын бөліктердің тұтастығынан тұрады.

Мектеп ішіндегі бақылау жүйесі белгілі бір дидактикалық талаптарға негізделеді. Бақылаудың мазмұны мен әдістеріне деген бұл талаптар үйлесімді, басқару қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жағдайларды анықтайды. Қазіргі зерттеушілер бақылауға келесідегідей дидактикалық талаптар қояды:

1. Бақылау мазмұнының бағдарламалық талаптарға сәйкес болуы. Егер талаптар төмен болса, білім беру деңгейі де төмендейді, ал талаптар жоғары болған жағдайда оқушыларға шамадан тыс салмақ түседі.
2. Алынған ақпарат мазмұнының объективтілігі мен анықтылығы.
3. Оқушылар дайындығының негізгі элементтеріне талдау жаусау қажеттігі.
4. Бақылау шашымдығы, жүйелігіне мен жариялылығы.

5.Бақылаудың даралық және ұжымдық формаларын үйлестіру.

Алынған ақпарат көлемі бойынша бақылаудың келесі түрлерін ажыратуға болады:

- а) жалпай бақылау, мұғалім мен оқушының жұмысы жүйесінің негізгі компоненттері зерттеледі;
- ә) тақырыптық бақылау, кез келген процестің белгіі болып келетін мәселенің талдауымен байланысты.

Мектеп ішіндегі бақылаудың белгілі бір формалары бар және олар тиісті әдістер арқылы жүзеге асырылады. Бақылау әдістері мен формаларының алуан түрлілігі оның объективтілігін арттырып, әрбір мұғалім мен тұтас педагогикалық ұжымның іс-әрекетінің ұжымдық бағалауы үшін жағдай жасайды. Бақылаудың әрбір формасының мақсаты болуы керек, ол оқу-тәрбие жұмысының әртүрлі кезеңінде пайда болуы мүмкін қиыншылықтардың алдын алуға жағдай жасауы керек.

Бақылаудың үш түрі бар:

1. Алдын ала бақылау: сабақ өткізу үшін әзірленген жоспарлар, материалдармен танысу; түсіндіру, бекіту әдістері мен формалары туралы, оқушылардың өзіндік жұмысының тәсілдері туралы әңгіме жүргізу.

2. Күзделікті бақылау: сабақты немесе сабақтардың өтуін бақылау, оқушылардың білімдері мен дағдыларын тексеру, оқушылар жұмысын қарап шығу;

3. Қортынды бақылау: белгілі бір уақыт аралығындағы мұғалімнің оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу жұмысының нәтижелерін зерттеу. Журналдар, мәлімет тізімдерді тексеріп, бақылау жұмыстары, сұрақ-жауап өткізу.

Мектеп ішіндегі бақылау жүйесіндегі педагогикалық процестің жай-күйін зерттеу келесі мәселелерді тексеруді керек етеді: мектеп жасындығы балалардың барлығына толық білім беру

туралы белгіленген талаптарды орындау; мемлекеттік Оқу бағдарламаларын толық көлемде орындау; оқушылардың білім, білік және дағдыларының деңгейі; оқушылардың тәрбиелік деңгейі

Оқушылардың білім, білік және дағдыларын тексерудің негізгі әдістері Оқыту процесінің құрамды бөлігінің бірі болып келген оқушылардың білім, білік және дағдылардың тексерудің мақсаты оқушылардың оқу жұмысын бақылау мен олардың үлгерімін есептеу. Мұғалімге оқушылардың білім, білік және дағдыны толық және сапалы түрде меңгеруі аз. Оқушылардың білімдеріндегі кемшіліктерді анықтап, мұғалім оны жоюға тырысады, оқушыларға ақыл-ой және практикалық жұмыс тәсілдерін үйретеді. Білім сапасына ерекше әлең беріледі, ол мына қасиеттермен сипатталады: білімнің толықтығы мен ғылымшылығы-белгілі бір оқу пәнінің мектеп бағдарламасына сәйкес өзегі болатын негізгі мағлұматтар, түсініктер мен ұғымдар, ережелер, заңдар, теориялар; білімдерді меңгеру саналылығы – оқушының ғылыми заңдар негізінде фактілерді, құбылыстарды, материалдық әлем заттарын түсіндіре алуы, білімдерді ұқсас жағдайларда қолдана алу және білімдер мен іс-әрекет әдіс-тәсілдерін жаңа жағдайларға көшіре алуы; білімдер жүйелілігі – жаңа түсініктер мен ұғымдардың оқушы санасындағы бұдан бұрын игерген білімдермен тығыз байланысы; беріктік – жинақталған білім саны мен іс-әрекет әдіс-тәсілдерінің оқушы есінде сақтауы.

Оқушылардың оқуға қатынасы, дербестік, еңбекқорлық, қызығалылық, берілген тапсырманы дер кезінде орындау мен оның сапасына деген жауапкершілік сияқты оқушы жеке тұлғасының басты қасиеттерінің қалыптасуы оқушылардың білімін тексеру мен бағалау қалай жүргізілгеніне байланысты. Осылайша, тексеруге тек бақылаушылық

қана емес, сонымен қатар, тәрбиелілік пен дамытушылық қызметтері де тән.

Оқушылар білімінің, білік және дағдыларының сапасын бақылау келесі элементтерден тұрады:

- Білімді қабылдау, мәнін түсіну және есте сақтау деңгейінде тексеру;

- Білімдерді ұқсас жағдайда қолдану деңгейінде, жәни үлгі бойынша тексеру;

- Білімдерді ойлаудың кейбір дәстүрлі емес элементтерін көрсетуді талап ететін жаңа жағдайда қолдану деңгейінде тексеру.

Оқушылардың білімінің, білік және дағдыларының сапасын бақылау келесі мақсат пен міндеттер арқылы анықталады:

1. Оқушылардың белгілі бір пен бойынша білімдерінің қандай жай-күйі және бұл білімдердің лайықты мемлекет бағдарламаларының талаптарына сай болуы.

2. Тәжірибелік білік пен дағдыларды ұқсас және жаңа жағдайлар деңгейінде игеру дәрежесі.

3. Бүкіл сыныптың келесе жеке бір оқушы білімінің нашар болуының себебі.

Процесс ретінде білім, білім және дағдыларды бағалау жеке оқушыны бақылау барысында жүзеге асырылады. Бағалаудың шартты көрінісі баға, ол көбінесе балл түрінде болады. Отандық дидактикада бағаның 4 Балдық жүйесі қалыптасқан: «5»-толық меңгерген; «4»-жеткілікті меңгерген; «3»-жеткіліксіз меңгерген; «2»- мүлдем меңгермеген.

Үлгерім бағасын оқыту сапасы мен оқушылардың танымдық белсенділігіне бөліп қарауға болмайды. Оқушылардың оқып жатқан материалды меңгеру дәрежесіне объективті және әділ баға берудің маңызы зор болғанымен, қойылатын бағаны оқушыларды оқу іс-әрекетіне мәжбүр ету амалына айналдыруға болмайды.

Бақылау әдістері-оқытудың жетістігі, оқу процесінің тиімділігі туралы мағлұмат алу мақсатында оқыту процесінде қарама-қарсы байланысты қамтамасыз ететін мұғалім мен оқушылардың бірізді, өзара байланысты диагностикалық қызметтерінің жүйесі. Бақылау әдістері оқыту процесі туралы жүйелі, толық және жаппам ақпарат алуды қамтамасыз етулері керек. Бақылаудың мынандай әдістері, жазбаша бақылау әдістері бар: ауызша бақылау әдістері, дидактикалық тестер, бақылап-зерттеу. Кейбір зерттеушілер нәтижелерді зерттеудің басқа да әдістерін ұсынады.

Ауызша бақылау әдістері дегеніміз – сұхбат, оқушы әңгімесі, түсіндірме, текстті оқу, технологиялық карталар, сызбалар, тәжірибе туралы хабарлар. Ауызша бақылаудың негізін оқушының монологиялық жауабы немесе мұғалім сұрақ қойып, оқушыдан жауап алатын сұрақ-жауап формасы – сұхбат құрайды. Оқушылардан жеке-дара сұрақ-жауап алу мұғалімге меңгеру деңгейі туралы толығырақ және нақтырақ мәлімет алуға мүлдемдік береді, бірақ екінші жағынан, ол басқа оқушыларды сабақта әрекетсіз қалдырады. Жаппай сұрақ-жауап алу барлық оқушыларды бірден қалтыса да олардың білімді меңгергені туралы үстүртін мағлұмат береді. Оқытудың белгілі бір уақыт аралығындағы білімді тексерудің ең тиімді де толық түрі сынақ пен елтисақ болып табылады.

Жазбаша бақылау әдісі білімді меңгерудің терең әрі жан-жақты тексеруін қамтамасыз етеді, өйткені ол оқушының білімі мен білігінің тұтас жиынтығын талап етеді. Жазбаша жұмыста оқушы теориялық білімін де, оларды нақты бір міндеттер мен мәселерді шешуде қолдана алуын да көрсетуі керек. Сонымен қатар, бұл әдіс арқылы оқушының жазба тілін игеру дәрежесі, мәтінді мәселеге сай, қысқанды етіп сөйлем құрап, баяндай алуы, шығарма, экспериментке, мәселеге баға бере алуы көрінеді.

Тәжірибелік бақылау әдістері көбінесе кәсіптік мектептерде қолданылады, өйткені бұл әдіс негізінде оқушылар лабораториялық сынақтар жүргізеді, бұйымдар жасайды, апарат монтаждайды.

Дидактикалық тестер оқыту нәтижелерін тексерудің ең жаңа әдісі болып табылады. Дидактикалық тест дегеніміз – белгілі бір материал бойынша оқушылардың оны меңгеру дәрежесін анықтайтын стандартты сұрақтар жиынтығы. Тестердің артықшылығы оның объективтілігінде, яғни білімді тексеру мен бағалаудың мұғалімге байланысты еместігінде. Тестердің төрт түрі бар:

- Оқушының есте сақтау мен еске түсіру керек фактілерді, ұғымдарды, заңдарды, теорияларды, барлық мәліметтерді білетінін тексеру, яғни бұл жағдайда репродуктивті жауаптар талап етіледі.
- Алынған білімдер негізінде ойлау қызметін орындай алуын тексеру, бұл негізінде, типтік міндеттерді шеше алу.
- Өткен тақырыптарға өзіндік сын баға бере алуы.
- Білімдерді алынған мәліметтер негізінде жаңа нақты жағдайларда қолдана білуі.

Бақылау мен тексеру оқушының артта қалуының себептерін алуға мүмкіндік береді. Оқушының артта қалу себептерінің үш тобын ажыратуға болады:

1) Әлеуметтік-экономикалық жаңа алауқатының нашар болуы, жаңадағы жалпы бейберекет ахуал, арақұмарлық, ата-ананың педагогикалық сауатсыздығы. Қосамның жалпы жай-күйі де балаларға әсер етеді, бірақ ең бастысы-жаңа өміріндегі кемшіліктер.

2) Биологиялық сипаттағы себептер-мұрагерлік ерекшеліктер, қабілеттілік, мінез-құлық белгілері. Алғышарттардың ата-ана арқылы берілетінін, ал қабілеттілік, әуестік, мінез-құлықтың осы алғышарттар негізінде өмір жолында дамытынын ескеру керек. Дені сау болып туған балалардың бәрінің әлеуметтік, жаңалық ортаға және тәрбиеге байланысты даму мүмкіндіктері бірдей екені дәлелдеген.

3) Педагогикалық себептер. Педагогикалық салақтық көбінесе қателіктердің мектеп жұмысының төмен деңгейінің нәтижесі болып табылады. Оқыту, тәртіп жұмысы-оқушы дамуындағы шешімді фактор. Педагогтың ерескел қателігі оқушының оқыту процесінде алынған және кейде тіпті арнайы психотерапиялық көмек керек ететін психикалық дамуына әсер етеді.

Алайда бұл оқудағы сәтсіздіктің жалғыз себептері емес, оның басқа да себептері бар, мысалы, оқытудың қатал да бірбеткей жүйесі, оқытудың әдістері мен формаларындағы бірқелкілік пен стереотиптілік, эмоциялардың бағаланбауы, оқытудың мақсатын айқындай алмау және нәтижелерді бақылаудың тиімді жолының болмауы, оқушылардың дамуын ескермеу, үстіртін сабақ жүргізу. Осылайша мұғалімнің дидактикалық, психологиялық, әдістемелік жағынан жете білмеушілігі оқудағы сәтсіздіктерге әкеледі. Үлгермеушіліктің дидактикалық себептерін жоюдың да амал-тәсілдері бар:

а) Педагогикалық алдың алу – орындай педагогикалық жүйелер іздеу, соның ішінде, оқытудың белсенді әдістері мен формалары, жаңа педагогикалық технологияларды, компьютеризацияны, қолдану.

б) Педагогикалық диагностика, оқыту нәтижелерін жүйелі бақылау мен бағалау, қызығушылықтарды дер кезінде айқындау ретінде.

в) Тәрбиелік ықпал ету-жеке дара жоспарлы тәрбиелік жұмыс.

Артта қалушылық-дидактикалық, әдістемелік, психологиялық, медициналық және әлеуметтік-педагогикалық аспектісі бар күрделі мәселе екенін айта кеткен жөн. Сондықтан оны шешу де күрделі болу керек. Көптеген педагогтар оқушыны оқушы біліміне бағалау процесіне қатысты белсенді орынға қоятын әдістерді қолданады. Білім, білік және дағдыны бағалаудың, бақылаудың стандарттан тыс формалары қолданылады: өзін-өзі бағалау, бірін-бірі бағалау. Өзін-өзі бағалауда оқушы өз еңбегін өз бетінше тексеріп, бағалайды,

Бірін-бірін бағалауда – сыныптастар бір-бірінің жұмыстарын тексеріп, баға қояды.

Тексеру әдістерін таңдау тексерушінің өз алдына қойған мақсаттары және міндеттерімен анықталады. Оқу жұмысы жүйесінде қажетті жүйелілік пен оқушылардың үлгерімі сапасын терең бақылауды қамтамасыз ету үшін білімдерді тексеру мен бағалаудың жоғарыда келтірілген әдістерінің барлығы да қолданулы керек.

Білімді бағалау және бақылау ғылыми дәлелденген, тәжірибеде қолданылған принциптер негізінде жүргізіледі: әділдік, жан-жақтылық, жүйелік, жеке-даралық, дифференциалдық және тәрбиелік.

Әділдік, шындық – бұл субъективтік факторларды болдырмауды көздейді.

Жүйелік, бірзандық – әрбір сабақ тақырып бойынша оқушылар оқу әрекетінің басқа буындармен байланыстыра қараып, оқыту процесінің барлық кезеңдерінде бақылау жүргізуді көздейді: түйінді сұрақтар бойынша оқыту нәтижесін қортындылау.

Жеке-дара қатынас - әрбір оқушының ерекшелігін бағалау қарастырады.

Жан-жақтылықта - бақылау оқу бағдарламасының барлық бөлігін қамтиды, оқушылардың теориялық білімдерін, интеллектуалдық және практикалық білік пен дағдысын бақылауды қамтамасыз етеді.

Дифференциалдық қатынас - әрбір пәннің ерекшелігін, жекелеген бөлімдерін, сонымен бірге оқушылардың жеке-дара қасиетін ескеріп, соған сәйкес бақылаудың әртүрлі әдістері мен мұғалімнің педагогикалық әреп сақтауын талап етеді.

Жоғарыда айтылған талаптарды орындау, ең алдымен бақылаудың сенімділігін және оқыту процесінде өздерінің алдында тұрған міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді, бақылауда әр түрлі қателіктер мен сәтсіздіктердің болмауына көпшілік жасайды.

Оқушылардың білім, білік және дағдыларын бақылау, бағалау педагогика ғылымы мен практикасында белгілі бір әдістерді қолдану негізінде жүзеге асады. Оқыту процесінде бақылаудың фронтальдық, топтық және дербес формалары қалыптасқан. Оның тиімділігі – мұғалімнің оларды дұрыс ұйымдастыруына байланысты.

Фронтальдық бақылау жағдайында барлық оқушыларға сұрақтар немесе мазмұны бірдей тапсырмалар беріледі. Оларды орындау барысында оқушылар арасында ынтымақтастық, жолдастық сезім пайда болады, бір-біріне сұрақтар қойып, жауаптарын толықтырады, орындалған жұмыстарды өзара тексеріп, іске асырады. Демек, бірігу іс-әрекетінде әлеуметтік құнды мотивтер қалыптасады.

Топтық бақылауда белгілі оқушылар тобы сабақ барысында мұғалімнен тапсырмалар алып орындайды. Кейде, кейбір оқушылар түрлі себептерге байланысты, қосымша көмекті қажет етулері мүмкін. Сондықтан, олардың жұмысын еске алған жөн. Бақылаудың дербес формасы әрбір оқушының білімін, іскерлігін және дағдысын терең, жан-жақты анықтауға мүмкіндік береді. Дербес бақылау бағдарламалап және дифференциалы оқыту барысында жақсы нәтиже береді. Дербес бақылауда оқушылар жауабының логикалық бірінділігі, олар өз пікірлерін қалай байымдайды, қалай дәлелдейді, міне, осы мәселерге аса көңіл аудару керек.

Оқыту процесінде оқушылардың өзін-өзі бақылауы өте қажет. Өзін-өзі бақылау, олардың оқу бағдарламасы материалы мен игерген іскерлігі және дағдысының беріктігі жайлы ақпарат алуын қамтамасыз етеді. Өзін-өзі тексеру арқылы оқушылардың алған біліміне сенім арттады, орындаған жаттығу, есеп шығару және тәжірибе жұмыстарының нәтижесін бағалайды.

Баға білімді есепке алу ғана емес, ол тәрбиелік құрал. Сондықтан, оқушы білімін бағалауда нәтижелілікке салынуға болмайды.

Баға «балл» есебінде көрсетіледі. Келесі кезекте баға және оның өлшемі қандай, сөзін толғаламыз. Қазіргі кезде білім беру саласының барлық құрылымында оқу-таным әрекетінің сапасын анықтайтын дәстүрлі «5» балдық жүйелер қолданылады.

«5»Бағасы – оқу материалын толық, дәл логикалық, бірізділікпен айтылған жауапқа қойылады;

«4»Бағасы – оқу материалын толық біледі, бірақ болар-болмас кемшілігі бар жауапқа қойылады;

«3»Бағасы – жауабы негізінен дұрыс, бірақ толық емес, білімінде кейбір проблемалар еске алынбаған жауапқа қойылады;

«2»Бағасы – оқушы жауабында қателер, білімінде елеулі кемшіліктер бар жауапқа қойылады;

«1»Бағасы – тексерілген оқу материалы бойынша білімі жоқ, толып жатқан ерескел қателер үшін қойылады.

Сынақ – қортынды бақылаудың айрықша түрі, ол белгілі бір тарау немесе тақырып бойынша атқарылған оқу жұмыстарының бүкіл өн бойында мұғалім қолданған тексерудің барлық түрлерін ескере отыра қойылады. Ол оқу бағдарламасының негізгі бөлімдері және тақырыптардағы білім, білік, дағдыларды жүйеге келтіру, тереңдету міндеттерін шешеді.

Елтіхан – оқушылардың білімін қортынды тексерудің және бағалаудың арнаулы формасы. Ол оқушылардың білімін жинақтауға және бір жүйеге келтіруге, оларды оқу жылы бойынша оқуға ынталандырады, оқу жұмысының сапасын арттыруға көмектеседі.

Елтіхан мен жылдық үлгерім бағаларынан педагогикалық кеңестің шешімі бойынша қортынды бағалар шығарылады.

Қазіргі кездегі оқыту жүйесіндегі білімді тексеру, бақылау және бағалаудың жаңа технологиясы.

Оқыту – динамикалық процесс. Оның сапасын үнемі жетілдіріп отыру – өмір талабы Білім беру саласында оқу-таным әрекетінің сапасын, дәрежесін есепке алу, тексеру және бағалаудың білім, білік, дағдының нәтижесін арттыруда қызметі ерекше. Сөйтіп, оның технологиясын әрқандай өмір талабына сай жетілдіріп отыру оқыту міндеттерінің өзіндік мәселелерінің бірі.

Күні бүгінге дейін оқыту саласында қолданылып жүрген білім, білік және дағдыны тексеру мен бағалаудың «5» балдық жүйесі, оның сапасын, дәрежесін анықтап, белгілеуде барлық жағдайда объективтік тұрғыда қамтамасыз етпейді. Соның нәтижесінде қазіргі кезде жоғары оқу орындарында процесіндегі рейтинг – тестік жүйе оқу-таным әрекетінің сапасын анықтайтын бақылаудың жаңа түрі өмірге келді.

Рейтинг жүйесінің мақсаты:

- оқу-таным әрекетінің сапасын, нәтижесін арттыру;
- оқу-таным әрекетінің сапасын тексеру, бағалаудың тиімділігін жетілдіру және әділдігін орнықтыру;
- оқу-таным әрекетіндегі білім, білік, дағды сапасын, дәрежесін бақылауда жүйелілікті қамтамасыз ету;
- оқу-таным әрекетіндегі студенттердің жауапкершілігін, белсенділігін арттыру;
- тексеруде уақытты үнемдеу.

Бұл жүйенің ерекшелігі оқытушының педагогикалық әрекеті мен студенттердің оқу әрекетінің сапасын жақсартуға мүмкіндік туғызады, оқу процесінің барлық кезеңдерінде олардың білім, білік, дағды нәтижелерін тексеру, бақылау және бағалаудың тиімділігін арттырады.

Тест – оқытудың белгілі бір бөлігін мәнгеру дәрежесін өлшеуге бағытталған тапсырмалар жйынтығы. Олар уақытты көп жоғалтпас үшін көлемінің шағын болуы, тестік тапсырманы өз бетінше қалай болса, солай түсінік беруге жібермеуді, жауапта дәлсіздік немесе көп сипаттылықты болдырмауды, оның әрі жинақы болуын, тестік тапсырманы орындау мен сандық бағалау арақатынасының мүмкіндігінің жариялылығын, тапсырма мен жауаптағы дәлдік пен айқындықты қамтамасыз етуді талап етеді. Бақылауда рейтинг-тестік жүйесін қолдану ерекшелігі, оқу материалдары логикалық тұрыдан аяқталған бөлік, немесе тарау болып саналатын модульдерге біріктіріледі. Модульдердің саны оқу пәндерінің мазмұнының көлеміне байланысты белгіленеді. Модульдердің құрылымы оқу материалының белгілі бір бөліктерінен тұрады, әрбір модуль нақтылы міндеттерден және өзбетінше тереңдетіл оқу тақырыптары мен тапсырмаларынан құрылады. Рейтинг-тестік бақылау түрлеріне:

- а) күнделікті немесе ағылдық,
- ә) аралық,
- б) курстың бақылау.

Күнделікті немесе ағылдағы бақылау әрбір модульдер бойынша жүргізіледі. Ол курстың белгілі бір тараулары немесе бөліктері, болмаса күрделі тақырыптары аяқталған кезеңде ұйымдастырылады.

Аралық бақылау әрбір модульдер аяқталған кезеңде жүргізіледі. Осы аралықта коллоквиум, реферат қорғау, өзіндік жұмыстарын қолдануға болады. Дегенменде, тестік жұмыстарын қолдану артықшылығы басым болады. Себебі,

- тест бағалау нәтижесін нақты көрсетеді;
- уақытты үнемді пайдалануға мүмкіндік туғызады;
- бақылау бір мезгілде барлық оқушыларды қамтуға қол жеткізеді;

- тест жұмысын атқару барысында барлық оқушылар бірдей тең жағдайда болады.

Қортынды бақылау: зачет, емтихан

-Зачет жұмыстары бақылаудың дәстүрлі тәсілдері арқылы жүргізіледі.

- Емтихан тестік форма негізінде жүргізіледі.

Тесттік тапсырманың түрлері бақылау нысаны мен тапсырманың сипатына сай анықталады. Ол бірнеше нұсқада жасалуы қажет.

Қортынды бақылауға тек күнделікті және аралық бақылау қортындысын жинақтап орта есеппен балл жинағанда ғана жіберіледі.

Оқушыларды шығармашылық жоба арқылы өнерге қалай әкелуге болады?

Бұйымды жасау технологиясы.

Сабақтың білімділік мақсаты: оқушылардың шығармашылық жобаның 1-2 бөлімдері бойынша алған білімдерін тексере отырып, бұйымды жасау технологиясы туралы алғашқы мағлұматтармен таныстыру. Бұйымның технологиялық картасын дайындауға үйрету;

Дамылушылық мақсаты: Бұйымды жасау технологиясы кезінде қауіпсіз, эстетикалық талғамға сай, шеберліктен жұмыс жасауға үйрету.

Тәрбиелік мақсаты: үнемілікке, тиімділікке, көркемдік тәңдей білуге, қолға және өзіне пайдалы еңбек етуге тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: аралас сабақ.

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, түсіндіру, технологиялық карта жасау.

Пәнаралық байланыс: сызу.

Көрнекіліктер: плакаттар, тест сұрақтары, дайын шығармашылық жобалар, дайын бұйымдар көрмесі, технологиялық карта.

Сабақ барысы

1.Ұйымдастыру кезеңі: а)оқушыларды түгендеу; ә)сабаққа дайындығын байқау.

2.Оқушылардың білімін тексеру.

Балалар, өткен сабақта біз технология пәніндегі күрделі бөлімдердің бірі «Шығармашылық жоба» туралы мағлұмат алдық. Ал бүгінгі сабағымызда сол алған білімімізді еске түсіріп, тексеріп, саралдап саламыз. Ол үшін саралшы ретінде ортаға технология пәнінің мұғалімін шақырамыз.

-Енді балалар, қойылған сұрақтарға, тест сұрақтарына жауап бере отырып, білімдеріңді көрсетіңдер. Егер сарапшы білімдеріңе қатынасса келесі жаңа тақырыпты ментгеруге рұқсатын береді.

Ал, дайын болсаңдар бірінші сұрақ мынадай

1.Шығармашылық жоба деген не? Шығармашылық жоба әр оқушының жаны бойы мұғалімнің көмегімен орындайтын өзіндік жұмысы, басқаша айтқанда, технология пәні жүргізілетін бақылау жұмысы.

Сарапшы. Жауап дұрыс, қабылданды. Сондықтан бөлімнің атың тақтаға жазамын («Шығармашылық жоба» - деп жазды).

2. **Жобаның сапасы неге байланысты?** (Жобаның сапасы оқушының біліктілігіне, технология пәнінен алған біліміне, оқулықтағы материалды қалай меңгергеніне тікелей байланысты).

Сарапшы. Жауап дұрыс қабылданды.

3. **Шығармашылық жобаның 1-ші бөлімі қалай аталады?** Проблеманы болжау және негіздеу.

Сарапшы. Жауап қабылданды. Тақтаға 1-ші бөлімнің тақырыбын жазып қоямын.

4.Ал енді осы бөлімді орындау үшін қандай талаптарға көңіл аударуымыз керек?

Проблеманы болжау және негіздеу кезінде қойылатын талаптар:

- 1.Жасаулы қауіпсіз және қарағайым болсын;
- 2.Жасайтын бұйымның қорамға немесе өзіңе әкелетін пайдасы барлығына көз жеткіз. Конструкциялық талаптарында кемшілік жоқтығын тексер;
- 3.Қорамға және өзіңе ұнады, жаңа дизайн талаптарына сай әсемдей бол. Тұтынушыны қанағаттандыратынына көз жеткіз.
- 4.Жасалатын бұйымға лайық сапалы жарнама дайында.

Сарапшы. Дұрыс, қабылданды.

5. **2-ші бөлім қалай аталады?** Материалдарын таңдау және өлшемдерін жобалау.

Сарапшы. Жауап дұрыс. Сондықтан тақтаға II-бөлімнің тақырыбын жазалың.

Ал, енді балалар, осы бөлімге байланысты тест сұрақтарына жауап берейік.

Сарапшы тәжірибелі бағалайды.

1. Ағаш материалын өңдеу үшін оның табиғи ерекшеліктерін ескеру керек, олар:

а) жұмсақ, қаттылығы, дымқалдығы, түр-түсі

ә) түр-түсі, тығыздығы, жұмсақ-қаттылығы, жылу мен ылғал өткізгіштігі, текстурасы, дымқалдығы т.б.

б) дымқалдығы, текстурасы

2. Ағаш материалының түсі неге байланысты?

а) оның жасы мен қорыққан ортасына

ә) қабығына

б) жасына

3. Дымқыл ағашты өңдеу алдында келтіреді, неге?

а) дымқыл ағашты өңдеу қиын, әрі олар тез шіриді. Одан жасалған бұйымдар өздерінің көлемі мен пішімін өзгертіп, жарылып кетуі ықтимал

ә) дымқыл ағашты өңдеу қиын

б) ылғалы көп ағаштың беріктігі құрғақ ағашқа қарағанда аздау болады, өңдеуге жеңіл

4. Әдетте, ағаш шет жағынан тез кебеді, сондықтан оның шет жақтары жарылуы мүмкін. Сол үшін оның шет жақтарына не істейді?

а) майлы бояу немесе борлы әк сұйығын жағады

ә) қабығын аршыды

б) көлемге жерде бірнеше ай ұстайды

5. Ағаш мүшелерінің көп тараған түрі –

а) жарық, бұтақ

ә) бұтақ, без, талшықтың қисаюы, иіс өзектілік, қуыс, шірік

б) дымқалдығы, жарық

6. Техникалық сызда осы сызығы қалай көрсетіледі?

1. Материал қасиеттерін жете білу.
2. Жасалатын бұйым ыңғайлы, шағын әрі жеңіл болсын.
3. Құжаттық сызбаны дұрыс орында.

Енді, балалар, білімімізді плакаттар бойынша тексерейік.

7. Неі плакатта құжаттық сызбаның қандай түрлері көрсетілген?

Сызба, техникалық сурет, нобай.

Сарапшы. Жауап дұрыс, қабылданды.

8. Плакатта көрсетілген «58» деген өлшем немі білдіреді? Көрсетілген бөліктің қалыңдығы 8мм екенін білдіреді.

9. Ал, келесі плакатта құжаттық сызбаның қандай түрлері көрсетілген? Техникалық сурет, бөлшек сызбасы: негізгі көрініс, қырықан көрініс, үстіңгі жағынақ көрініс.

Сарапшы. Жауап дұрыс. Қабылданды.

Ал енді, осы құжаттық сызбаға байланысты тағы бір қосымша сұраққа жауап беріндер.

9. Осы плакатта сызба сызықтарының қандай түрлері қолданылған? Тұтас жуан сызық, тұтас жіңішке.

10. Сарапшы.

- Балалар, еткен тақырыпты жақсы меңгеріпсіздер, сендерге сәттілік тілеймін. Енді тақтаға жаңа тақырыпты жазалың.

Алған білімдерін одан әрі толықтыру мақсатында ортаға 6 сынып оқушыларын шақырайық. Олар өздерінің шығармашылық жобаларымен таныстырды.

11. Бұл бөлімдерден бөлек шығармашылық жоба тағы неден құралады?

Жоба әр түрлі бөлімдерден, арнайы сызбалардан, суреттерден, нобайлардан және жасалатын бұйымның технологиялар картасынан құралуы мүмкін.

Жаңа тақырыпты түсіндіру.

- Балалар, бүгінгі өсіп-жетілудің тақырыбымызға көңіл аударайық. Біз проблеманы болжадық, материалдарды таңдадық, өлшемдерін жобаладық, енді бұйымды жасаудың технологиясымен танысамыз.
- Бұйым жасау технологиясы деп – шикізатты, дайындамалар мен материалдарды өңдеу, қалпын, қасиетін, түсінік өзгерту арқылы бұйым шығару әдістерінің жиынтығын айтамыз.
- Енді осы бөлімді орындау кезінде қойылатын талаптарға назар аударайық.
- 1-талап. Бұйымды жасау технологиясын толық меңгеріп, жұмыс барысында қателіктер жібермеу үшін оның технологиялық картасын жаса. Ал енді асүйге арналған тағам турайтын тақташа жасаудың технологиялық картасымен танысайық.
- Технологиялық карта дегеніміз дайындамалар мен материалдардың дайын бұйымға айналғанға дейінгі жолдары көрсетілген құжат. Бұл құжатта сондай-ақ бұйымды дайындаудың бір сатысындағы технологиялық процестер, қолданылатын материалдар, құрылыстар, құрал-жабдық түрлері және басқа да осы бөлімге байланысты мағлұматтар беріледі.
- 2-талап. Қауіпсіз жұмыс істе. Аспаптарды орынды қолдан.
- 3-талап. Жасалған технологиялық карта бойынша қатты қағаздан бұйымның үлгісін дайында, дайын үлгіде кемшіліктер жоқтығына көз жеткіз. Үлгі дайындау.
- **Қорытынды.** Плакаттар бойынша пысықтап, бекіту білімдерін бағалау.

Қорытынды.

Сабақты талдау оқу-тәрбие процесінің нәтижелерін бағалауда ете жиі қолданылады. Сабақта оқушылардың да, мұғалімнің де іс-әрекетін бақылау-зерттеуге болады, ол материалды меңгеруде пайда болатын қиыншылықтардың себебін білуге, сондай-ақ оқытудың тәрбиелілік сипатын тексеруге мүмкіндік береді. Тұтастай оқыту процесінің жетістігі, негізінен, сабақтың сапасына байланысты. Сабақта орталық нүкте сияқты педагогтың барлық іс-әрекеті, оның ғылыми дайындығы, педагогикалық дағдыларды, оқушылардың ойлау жұмысын ұйымдастыру қабілеттілігі шоғырланады.

Сабақтың шынайы қандылығы оның нәтижесі: оқушылардың материалды меңгеруінің дәрежесі. Мұғалім сабақта сырттай үгілмді тәсілдердің қандайын қолдансада, оқушылар тақырыпты меңгермесе, сабақты дұрыс ерті деп айтуға болмайды. Сабақта оқушы тек түсініп қана қоймай, білімнің белгілі бір мөлшерін меңгеріп, қажетті дағдылар мен біліктерді дамытуы керек.

Тәрбиелік жұмыстың нәтижелерін есептеу оқушылардың танымдық қабілеттерінің дамуың, сондай-ақ жеке тұлғасының даму деңгейін бағаламай толық бола алмайды. Бұл бағалауды психологиялық бақылау мен диагностика психологтың педагогикалық ынтал-әсер нәтижелігін анықтау мақсатында жүргізетін тексеру шараларының жиынтығы. Тексеру шаралары, негізінен, жай ғана бақылап зерттеуден, сабақтың психологиялық талдауынан, тесттерден тұрады. Психологиялық диагностикада белгілі бір психологиялық міндеттерді орындау үшін арнайы таңдалып алынған бірнеше әдістерді қолданады.

Психологиялық диагностиканың негізгі тараған түрі тест. Психодиагностикада тестер арқылы белгілі бір зерттелетін психикалық сипаттардың даму дәрежесінің салыстырмалы сандық және сапалық көрсеткіштерін алуға болады. Мұндай тест дәлдік, беріктік, объективтілік

талаптарына сай болу керек. Бұндай тестерді жасау мен қолдану арнайы білім мен уақытты қажет етеді. Сондықтан психологиялық диагностиканы тек қана психолог маман жүргізі керек. Алынған мәліметтер негізінде психолог мұғалімге оқу-тәрбие процесін психологиялық қамтамасыз ететін мінездеме дайындайды.

Осылайша, оқу-тәрбие процесінің нәтижелерін тексеру тұтас болу керек, ол жүйеде өткізілуі керек. Оны жүзеге асырумен мамандардың барлығы: ұстаздар, оқу мекемесі басшылығының педагогтары, психологтар, әдістемешілер айналысуы керек. Мектептерде педагогикалық іс-әрекет нәтижелерін есептеу мен бағалау мектеп ішіндегі бақылауға енгізілген.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Алматы 2003ж. «Педагогика»
2. Ж.Әбиев, С.Бабаев, А.Қудиярова «Педагогика»
3. Ж. Б.Қолбаев, Р.М.Қолбаев «Педагогика»
4. Мектептегі технология 2006ж.